

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты ХІ Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
ХІ Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Атап айтатын болсақ, интернет, түрлі әлеуметтік желілер қазақ қоғамына өз әсерін тигізбей кетпеді. Дегенмен, қазақ антимақал-мәтелдері әлі зерттелу үстінде.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Вальтер Х. Антипословицы в современной живой русской речи / Х. Вальтер // Антипословицы русского народа. - СПб: Нева, 2005. - 3-17 с.
2. Пермяков Г.Л. Основы структурной паремииологии (Исследования по фольклору и мифологии Востока) / Г. Л. Пермяков. - М.: Главная редакция восточной литературы. - 1988. - 236 с.
3. Дубчинский В. Против чего же «антипословицы»? / В. Дубчинский // Грани слова: сб. научных статей к 65летию проф. В.М. Мокиенко. - Москва: ООО «Из-во ЭЛПИСС», 2005. - 629-634 с.
4. Вальтер Х., Мокиенко В. М. Антипословицы русского народа. – СПб: Издательский дом «Нева», 2005.
5. Mieder W., Litovkina A. T. Twisted Wisdom: Modern Anti-proverbs / W. Mieder, A. T. Litovkina. Burlington VT: The University of Vermont, 1999. - 260 p.
6. Антонова О.Н. Антипословицы как средство функциональной модификации медиадискурса (на материале прессы Великобритании и США) / О.Н. Антонова // Вестник Самарского государственного университета. - 2010. - № 3. 96 – 101 с.

ӘОЖ: 330.341.2

БІР БЕЛБЕУ, БІР ЖОЛ

Асқарбай Ақылбек

akilofficial@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті Қытай филологиясы
кафедрасының 2-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Исаев Әбілхан Үкібайұлы

Қытай Халық Республикасының “Бір белбеу, бір жол” концепциясы – “Жібек Жолының Экономикалық Белбеуін” және “XXI ғасырдың Теңіз Жібек Жолын” құруға біріктірілген жобалардың бастамасы. Бұл аталмыш концепцияны Қытай Халық Республикасының Президенті Си Цзиньпин алғаш рет 2013 жылдың күзінде өзінің Орталық Азия елдерінде және Индонезияда болған іс-сапары барысында жария етті [1]. 2015 жылға арналған елдің әлеуметтік-экономикалық даму жоспары туралы саяси құжаттар және “Бір белбеу, бір жол” құрылыс жұмыстары жөніндегі үкіметтің баяндамасы Қытайдың жаңа үкіметінің алға жоспарлаған маңызды міндеттердің тізіміне енгізілді. ҚХР Сыртқы Істер Министрі Ван И бұл аталмыш бастаманың жүзеге асуы Қытай Халық Республикасының 2015 жылға арналған ішкі саяси іс-шараларының “фокусы” (мақсаты) болатынын атап өтті. Бұл маңызды жобаның 2016 жылы қабылданатын елдің “13-ші бесжылдық” жоспарына енгізілетіні мақұлданды.[2] Қытайдың осыншама ықылас таныту себебі халықаралық ынтымақтастықтың жаңа үлгісін тауып, оны құрып, әрі қарай дамытып, халықаралық дамуға Қытайдың тікелей қатысуымен байланысты.

Қытайдың “Бір белбеу, бір жол” атты саяси бағыты мен АҚШ-тың 2011 жылы жариялаған «Жаңа Жібек жолы бастамасы» саясатының арасында ұқсастықтар кездеседі. АҚШ-тың «Жаңа Жібек жолы бастамасы» саясатының негізгі мақсаты – Қазақстан, Ауғанстан, Түркіменстан және Пәкістан елдеріндегі маңызды инфрақұрылым нысандарын интеграциялау. “Бір белбеу, бір жол” жобасын Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Чжан Ханьхуэйді қабылдау барысында «Қытайдың “Бір белбеу, бір жол” бастамасы мен біздің «Нұрлы жол» бағдарламамыздың ұқсастықтары көп. Біздің елдеріміздің іс-

қимылы «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автомагистралінің құрылысында да тоғысады, газ құбыры мен теміржолдар салудамыз», – деді.[3] Ежелгі Жібек Жолын қайта жаңғыртатын “Бір белбеу, бір жол” жобасы аймақтық экономикалық серіптестіктің жаңа құрылымдарын құруға, жобаға қатысатын елдердің экономикалық өркендеуін ынталандыруға, сан алуан өркениеттердің өзара арақатынасын нығайтуға және бейбітшілікке қолғабыс етіп, тұрақты дамуға шақырады.[4] Қытадың ресми мәліметіне жүгінсек, “Бір белбеу, бір жол” жобасы Еуразияның үлкен бөлігін қамтиды. Бұл алып жобаның қамтитын жерлері бағалы ресурс қорларына бай, ол жерлерде дүние жүзі халқының 63% өмір сүреді, ал экономикалық ауқымы шамамен 21 триллион АҚШ долларын құрайды.[5] “Жібек Жолы Экономикалық Белбеу” жобасының аясында үш трансевразиялық экономикалық дәліздің салынуы қарастырылып жатыр. Олар: солтүстік (Қытай – Орталық Азия – Ресей - Еуропа), орталық (Қытай – Орталық және Шығыс Азия – Парсы шығанағы және Жерорта теңізі), оңтүстік (Қытай – Оңтүстік-Шығыс Азия және Үнді мұхиты). “XXI ғасырдың Теңіз Жібек Жолы” жобасында екі теңіз бағдарын құру жоспарланады. Бірінші бағдар Қытай жағалауынан бастау алып, Оңтүстік-Қытай теңізімен жалғасып, Тынық мұхитының оңтүстік аймақтарына жетеді. Екінші бағдар Оңтүстік-Қытай теңізі мен Үнді мұхит арқылы Қытайдың теңіз жағалауындағы аймақтар мен Еуропаны қосады.

Жаңа Евразиялық теміржол магистральдарының құрылысы және ескі жолдарды қайта жаңғырту

Жаңа Евразиялық теміржол магистральдарының құрылысы және ескі жолдарды қайта жаңғырту жұмыстары ЖЖЭБ (Жібек Жолы Экономикалық Белбеуі) саясында жаңа евразиялық теміржол магистральдарының құрылысын басқару және ТМД елдер аумағындағы ескі жолдарды қайта құру жұмыстары Е.Э.О (Евразиялық Экономикалық Одақ) үшін Еуропа мен АТА (Азиаттық Тынықмұхиттық Аймақ) елдері арасында құрлық жолдарымен жүк тасымалдауда өзінің транзиттік ұстанымын күшейтуге септігін тигізеді. Қазіргі таңда Еуропа мен АТА елдері арасындағы жүк тасымалдау жолдарының басым бөлігі Суэцк каналы арқылы теңіз жолдарымен өтеді. Тасымалдау барысында бірнеше техникалық шектеулер қойылған. Жоспарланып отырған жол – АТА елдерінен Евразия арқылы бағытталған ең төте құрлық жолы болмақ. Бұл жол мемлекеттер арасындағы ара қашықтықты 50% -ға қысқартып қана қоймай, теңіз тасымалына қарағанда сенімдірек және түсетін пайда да молырақ болмақ. Қазақстан мен Қытай елдері ЖЖЭБ мен Қазақстанның “Нұрлы Жол” бағдарламаларын түйістіру жөнінде бір шешімге келді.

Ортақ тағдыр қауымдастығы

“Бір белбеу, бір жол” жобасының ажырамас құрылымдық компоненті – осы жобаға қатысушы бүкіл мемлекеттердің табысқа жетуін қамтамасыз ететін ерекше ынтымақтастықтың қолданылуы. Осыған орай Қытай үкіметі жан-жақты ашықтыққа кепіл бере отырып, мемлекеттердің әр салада өзара байланысын орнату арқылы “Ортақ тағдыр қауымдастығын” құруға дайын. Айтпақшы, Боао Азия Форумының ашылу рәсімінде Қытай Президенті Си Цзиньпиннің бағдарламалық сөзі “Ортақ тағдыр қауымдастығына бір қадам, Азияның жаңа болашағының құрылуы” деп аталған. Осы форумда Қытай Президенті Си Цзиньпин атап өткендей “Бір белбеу, бір жол” – бұл Қытайдың жеке өзі өткізетін жоба емес, осы жобаның бағытындағы бүкіл мемлекеттердің бірігіп жүзеге асыратын жоба болып табылады.[6] Эксперттердің айтуы бойынша, Қытай Президенті Си Цзиньпиннің сөздерінде кездейсоқ терминдер кездеспейді және айтылған тезис ерте ме кешпе бәрібір жүзеге асырылады. Тұжырымдама әзірлеушілердің ойынша, “Бір белбеу, бір жол” бағытында орналасқан елдердің ресурстары бірегей, олардың экономикалық қоймалары бірін-бірі толықтырып тұрады және де осындай ынтымақтастықтың дамуында үлкен кеңістік пен әлеует бар. Бұнымен келіспеу мүмкін емес, бірақ ескеретін жайт, бұл әрекеттестікпен қай мемлекет көп пайда көреді. Егер Қазақстанды қарастыратын болсақ, бұл жобаға Қазақстанның ат салысуы инфрақұрылымның дамуына, энергетика жеткізу бағыттарының әртараптандырылуына және де Қытай Халық Республикасымен инвестициялық ынтымақтастықтың өркендеуіне жеткізеді. Бұл жобада Орта Азия елдерінің транзиттік

әлеуеті өте жоғары. Қазақстанның Еуразияның орталығында орналасуына байланысты Еуропа – Ресей – Қытай тізбегіндегі ең қолайлы жер үсті көлік буыны болып табылады. Ал, Пекин өзінің Орталық Азиядағы позициясын күшейтіп, және де елеулі қаржы ресурстарына қол жеткізе алады. Қазіргі таңда экономиканың дамуы тікелей инвестициямен байланысты. Аймақтық жобаларды барынша қаржыландыру үшін сындарлы Қытай елі 2013 жылы инфрақұрылымдық инвестициялық Азия банкі (ИИАБ) ашу туралы шешім қабылдады. Тұжырымдаманың соңғы бөлімдерінде көрсетілгендей, Қытай Президенті Си Цзиньпиннің осы бастаманы жариялаған сәттен бастап, Қытай басшылығы бір жарым жыл бойы белсенді түрде осы алып жобаны жүзеге асыруға кіріскен.

Жобаның ерекшелігі

“Жібек Жолының Экономикалық Белбеуі” жобасының негізі геополитикалық бағытта даму болып табылмайды. ЖЖЭБ мен Евро Одақтың, Кедендік Одақтың арасында ешқандай ұқсастық жоқ. Бұл жобаның негізгі мақсаты - мемлекеттердің арасындағы ғасырларға созылған қарым-қатынасты нығайту. Одақтың тұтастығында қағазда жазылған келісімдер аса маңызды рөл атқармайды. ЖЖЭБ жобасына кіру міндеттелмейді, яғни мемлекеттердің бұл жобаға қосылуы не қосылмауы өз еркінде. Жобаның басты қағидасы – игілікті ынтымақтастық. Ғаламдық тұрғыдан қарайтын болсақ, Қытай инфрақұрылымдық құрылысты жүзеге асырып, экономиканың дамуын жаңа деңгейге көтеруге дайын. Қытай үшін осы жобаны жүзеге асырудың басты себебі - батыс елдерінің дамуына ықпал етіп, өз экономикасын барынша теңгерімге келтіру.[7] “Бір белбеу, бір жол” жобасының құрылуының басты себебі – аймақтық экономикалық интеграцияны жеделдету. Осы аяда хабардар шенеуніктердің пайымдауы бойынша, жан-жақты экономикалық серіктестіктің аймақтарда кең таралып, “Бір белбеу, бір жол” бағыты бойынша ерікті саудалық қарым-қатынасқа түсетін мемлекеттердің саны көбеюі үшін “Бір белбеу, бір жол” бағытында жоғары стандартты желіні қамтамасыз ете алатын келісімдер жүргізу керек.[8]

Пекиннің осы жобадағы көздеп отырған мақсаты

Мұнда екі маңызды мақсат бар: экономикалық және геосаясаттық. Дегенмен, қазіргі таңда Пекин үшін ең маңызды мақсат – ішкі экономиканы жақсарту. Нақты айтатын болсақ, Қытай басшылығы “жаңа қалыпты” атты баяу және тұрақты экономикалық даму түріне көшу үшін бар күш-жігерін жұмсауда. “Бір белбеу, бір жол” атты саяси бағыттың экономикалық дамудағы негізгі мақсаттарының бірі, бұл салынатын инфраструктуралық жобалардың көп бөлігі Қытайдың ең кедей және нашар дамыған өңірлерінде салынуы.[9] Осының арқасында, баяу әрі терең дағдарысқа ұшыраудың алдын алуға болады. Қытай басшылығының пайымдауы бойынша, нашар дамыған оңтүстік және батыс провинциялардың дамыған провинциялар мен маңайдағы көрші мемлекеттердің арасында тұрақты байланыс орнату арқылы Қытай Халық Республикасының ішкі экономикасын бір қалыпқа келтіруге, бәсекелестікті арттыруға, аймақтық қалыпты дамуға қол жеткізуге болады. Сонымен қатар, инфраструктуралық құрылымдар Қытай өзінің өнеркәсіптік өнімдерінен барынша пайда алуына және осы өнімдерді басқа аймақтарға жеткізуді жеңілдетуге бағытталған. Қытай осы жобаны жүзеге асыру арқылы Қытайдың батыс аймақтарының дамуын ынталандырып, батыс және шығыс аудандарының дамуындағы теңсіздікті жойып, тұрақтылықты орната алады.[10]

Серіптестіктің инклюзивті қырлары

Жарияланған белбеулер мен жолдар бірлеске құрылысының жұмыс жоспары саяси әрекеттерді үйлестіруге, инфрақұрылымдық өзара әрекеттердің дамуына, еркін саудасаттыққа, коммерциялық интеграцияға және де адамдар арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға шақырады. Автомобиль және теміржол құрылысы, газ құбырларын салу мен электржүйелерін жүргізу, көпірлер мен порттар тұрғызу жұмыстары кіретін бір ғана инфрақұрылымдық құрылыс саласында үлкен қаржылық мүмкіндіктер пайда болады. Азияттық банктің сарапшыларының болжамы бойынша, 2020 жылы бұл салаға жұмсалатын инвестициялық қажеттілік 8 триллион АҚШ долларын құрамақ. Аталмыш жоба барлық елдерге, халықаралық және аймақтық ұйымдарға ашық екендігі құжатта атап өтілген. Бұл жобаға тартылған мемлекеттердің қызығушылығын қытайлық экономикамен біріктіру үшін

маңызды инклюзивті негіз қаланбақ. Әріптестіктің қатынастық құрамаларын күшейту үшін және жобаға жаңа мемлекеттерді тарту үшін бар халықаралық алаңдардың мүмкіндіктерін қолдану қаралып отыр. Олар – Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, Оңтүстік-шығыс Азия елдерінің ассоциациясы плюс Қытай, Азия Тынық Мұхиты Экономикалық Ұйымы, Азия-Еуропа форумы, Әріптестіктің Азиаттық диалогы. “Бір белбеу, бір жол” бастамын дамытуда конструктивті рөл аймақтық және субаймақтық деңгейдегі халықаралық көрмелер мен форумдарға жүктеліп отыр.

Жолаушыларға арналған жүрдек теміржол желісінің салынуы

Біртұтас жолаушыларға арналған Пекин-Қазақстан-Мәскеу жүрдек теміржол желісінің салынуы Қытай мен ЖЖЭБ (Жібек Жолы Экономикалық Белбеуі) және ЕЭО (Еуразиялық Экономикалық Одақ) мүшелерінің арасындағы ортақ, келешегі жарқын жобалардың қатарына кіреді. Бұл желі қала тұрғындарының тұтастығының ұлғаюына, ірі агломерациялардың (бірігіс) пайда болуына, желілер бойында халықты жұмыспен қамтамасыз етуге түрткі болады. Нәтижесінде, Пекин мен Мәскеудің арасы екі тәулік, ал Алматы мен Мәскеудің арасы бір тәуліктен кем уақытқа қысқарады. Жоғары жылдамдықты желілер (поезд жылдамдығы 200-400 км/сағ.) секілді жоғары технологиялар құрылыста, көлік жасауда инновациялық технологиялардың енгізілуіне, IT-технологиялардың ілгері дамуына ықпал етеді.[11] Айта кету керек, Қазақстан және Беларусия басшылары ЖЖЭБ шеңберінде Қытаймен серіптестігін жоғары бағалайды.

Қорытынды

Жаңа Қытай басшылығының хабарлауы бойынша, “Бір белбеу, бір жол” жобасы пайда болуының тағы бір маңызды себебі, Қытай Халық Республикасының “Екі ғасыр” және “Қытай арманы” атты мақсаттарына жетуі барысында көрші елдерге деген Қытайдың сыртқы саясаты үлкен рөл ойнауымен түсіндіріледі.[12] Қытай Президенті Си Цзиньпиннің айтуы бойынша, ҚХР-дың көрші елдерге деген сыртқы саясатының жақсаруы Қытайдың әлемдік дамуына көп септігін тигізеді. Қазақстан - Еуразия континентінің өте маңызды әрі ұтымды жерінде орналасқан және табиғи ресурстарға бай, өнеркәсібі, ауыл шаруашылық өндірісі дамыған ел. Қытай мен Қазақстан достығының ұзақ тарихы бар және де екі елдің ынтымақтастығы бекем. Қазірдің өзінде үш жыл қатарынан Қытай Қазақстанның саудадағы маңызды әріптесі болып табылады. Қытай Халық Республикасы Қазақстан Республикасының “Бір белбеу, бір жол” жобасына қатысуын жылы қарсы алады. Бұл жоба екі елдің әріптестігінің өркендеуіне, сындарлы ынтымақтастықтың дамуына үлкен септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. [人民网](#)/2014 年 08 月 11 日/习近平提战略构想：“一带一路”打开“筑梦空间”
2. РИА Новости/02.02.2015/ Китай предложил России и Индии создать новый Шелковый путь
3. The National Development and Reform Commission of the People's Republic of China/28.03.2015/Vision and Actions on Jointly Building Silk Road Economic Belt and 21st-Century Maritime Silk Road
4. Қазақстан Республикасы президентінің ресми сайты/15.04.2015/Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Чжан Ханьхуэйді қабылдады
5. Xinhuanet/2015-03-28/The "Belt and Road" initiatives will not be a solo for China but a real chorus comprising all countries along the routes
6. Центр Стратегического и Международного Исследования/24.02.2016/Создание Китайского проекта «Один пояс, один путь»
7. Қазақстан Республикасы тұңғыш президенті – елбасының кітапханасы/20.01.2015/«Бірбелдеу – біржол: ҚХР-дыңқазіргісыртқыэкономикалықсаясаты» халықаралықконференциясы: алғашқы нәтижелер
8. fb.ru/8.05.2015/Экономический пояс Шелкового пути. План действий по строительству экономического пояса Шелкового пути

9. <http://russian.china.org.cn/> 29.09.2014/ The “One Belt and One Road” will accelerate the free trade zone's growth
10. 人民日报/2013 年 10 月 26 日/习近平在周边外交工作座谈会上发表重要讲话强调 为我国发展争取良好周边环境推动我国发展更多惠及周边国家
11. [人民网](http://www.people.com.cn/)/2014 年 12 月 8 日/三大区域发展战略为经济发展提供有力“抓手”
12. Коммерсант/27.04.2015/Транспортная геополитика

УДК 378:811.581

ПЕРСПЕКТИВЫ ИЗУЧЕНИЯ КИТАЙСКОГО ЯЗЫКА

Ахметова Айша, Касымова Асем

filology.gr.ya14@mail.ru

Студентки 2 курса Евразийского Национального университета, филологического факультет, специальности «Два иностранных языка (английский язык, китайский язык)»

Научный руководитель – Уразбекова Мадина Калыковна

В нынешнее время реалия жизни такова, что изучение и знание иностранных языков — не просто норма, а обязательный элемент, входящий в жизнь человека, который хочет в будущем иметь карьерный рост, в сфере своей деятельности. Если с европейскими языками все ясно, то с восточными выбор становится весьма затруднительным. При выборе особое внимание стоит обратить на китайский язык. Ни для кого не секрет, что по данным и прогнозам примерно через 25-50 лет китайский язык, несмотря на свою некоторую сложность, станет международным. Ясно, что ни один язык не может получить за один день подобный статус, но процесс этот был запущен, и медленно, но верно пройдет свой путь до полного завершения.

Китайский язык является одним самых древних и наиболее распространенных языков в мире. Более 1,5 миллиарда людей говорят на китайском языке. На сегодняшний день существует множество способов изучения китайского языка. Как ни банально это звучит, но основной залог успешного овладения любым языком, а китайским — особенно, — это настойчивость, терпение и полная самоотдача обучению. Поскольку язык очень трудный, Вам понадобится для его изучения немало сил и времени. Можно пойти на курсы, а можно и нанять репетитора. Но для того чтобы иметь возможность практиковать китайский в своей сфере, необходимо одно - высшее образование. Естественно, что самым эффективным вариантом в изучении китайского языка является усваивание его при помощи носителя данного языка. Еще лучше изучать китайский язык в Китае. Сейчас существует множество способов отправиться в Китай на полгода, год и больше для прохождения обучения. И это отличная возможность для каждого из нас. Но для этого нужно хотя бы найти повод для того, чтобы жить там и работать, а для этого нужно иметь хотя бы базовые знания этого непростого, но очень интересного и глубокого языка. Уже сегодня переводы книг и различных документов с китайского, и на китайский, оплачиваются весьма недурно. И что самое главное, пригодится этот язык не только для письменных переводов. Развитие экономики и интерес к китайской философии, истории и архитектуре привели к тому, что китайский язык становится популярным не только в Китае, но за его пределами, в том числе и в Казахстане. Несмотря на сложность языка и иероглифическую письменность все большее количество людей стремится овладеть китайским языком. Практически все страны мира активно ведут сотрудничество с этой замечательной страной, и касается это различных аспектов банковской сферы, и состояния современного бизнеса в целом. К примеру, многие бренды не имеют своих личных фабрик, все их производственные силы расположены в Китае. Кроме того, мотивами для изучения китайского языка могут считаться желание